"Қазыбек Келдібекұлы — қазақ халқының ұлы биі"

Қазақ — сөз қадірін білген халық. Қазақ — "ат сүрінгенше" ақыл тапқан ұшқыр ойды қастерлеген, ғасырлар бойы сөз мұрасын қорғаштаған, сөз қадірін жоғалтпай келген ардақтысы да, асылы да сөз болған халық.

Ауыз әдебиетінің інжу-маржанының бірі шешендік өнер, шешендік сөз. Шешендік сөз — суырып-салмалы ақындықпен туыстас. Аумалы-төкпелі кезеңде халықтың қамын ойлайтын, мәселелерді ашумен емес ақыл-оймен шешетін білімпаз билер болған.

Би — халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жаршысы. Би — табиғи дарын, арынды кере білген көсем, ақпа-төкпе шешен. Қазақтың атақты билері Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Даналық пен қара қылды қақ жарған әділдіктің айғақ шешендікпен айтылған билер сөзі әлі ұмытылған жоқ.

Кемеңгер, суңғыла, алдағысына ой көзін жеткізе алған данышпан билеріміздің бірі — Қаз дауысты Қазыбек би. Қаз дауысты Қазыбектің кіндік қаны тамған топырағы, туған мекен-жайы нақты деректерде сақталмаған. Қазыбектің сүйегі — Орта жүз Арғын ішінде Қаракесек. Қазыбектің әкесі — Келдібек, ұлы әкесі — Абыз атанған Шаншар. Бабасы — Бұлбұл. Шетінен тілге шешен, сөзге ұйытқан, уәжге тоқтаған біліктілер.

Қазыбектің анасы — Тоқмейіл. Кедей отбасынан шыққан кісі. Келдібектің ауылына әкесімен бірге көшіп келген. Тоқмейілдің өзі ақсақ, бірақ ақылды, қарапайым әйел болған. Келдібектің Тоқмейілге ғашық болу себебі де сол, оның ақыл-ойы. Келдібектің ақсақ әйелді алғанын білген жолдастары әр жиында сөзге келе берген. Иә, рас: Тоқмейілдің шыққан жері бай, ауқатты адамдар емес. Иә, рас ол ақсақтап жүрген. Бірақ оның ақыл-ойы бір "жолдастардан"



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

асып түсер болған. Кендібек пен Тоқметіл бұл сөздерді естуден шар-шағаныммен артық кетіп қатты сөйлемеген. Міне, нағыз даналық! Кейде ой түседі, Кендібек пен Тоқметіл бір-бірімен кездеспегенде, бірге отау құрмағанда осындай дарынпаз Қазыбек дүниеге келер ме еді?

Қаз дауысты Қазыбек би бала кезінен тілге шешен, ақыл-ойы мол болған. Он екі жастарында үлкен би-шешендермен танысып ел мәселесіне араласқан. Сондай күндердің бір күнінде Қазыбектің даналығына қызғанышпен қараған үлкен би оның кішілігіне тиісіп, үлкендерге жол беру керек екендігін өлең қылып айтады. Сол кезде Қаз дауысты Қазыбек би қазіргі кезде бізге таныс сөздерін айтады: "Бұл өмірде адамның үш түрі бар. Біреуі әкеге жетпей туғандар; Екіншісі әкеге жете туғандар; Үшіншісі әкеден өте туғандар." Бұл сөздердің мағынасы барлымызға түсінікті деп ойлаймын, сол себепті оның билерді қандай жағдайда қалдырғанын елестету қиын емес. Осындай қабілеті бар Қазыбек көзге түсіп үш билердің біреуі атанады.

Уақыт өтуде, ал жоңғарлар /қалмақтар/ бала өз жорықтарын жалғастыруда. Халықтың жағдайы нашар. Қаз дауысты Қазыбек би бала он төртке келді. Басқа да адамдар сияқты уайымға батып жүрген кезі, кенеттен "үш билермен" бірге хан Ордасына шақырылады. Көппен күткен мәселе көтерілді. Қорытынды шешім қалмақ еліне елші жіберу болды. Елші орақ тілді, сөзге шешен бала осы мәселе де шешіліп қалар еді. Төле би мен Әйтеке би көп ойланбады, жолды Қазыбекке берді. Иә, мүмкін бұл міндет он төрт жасар Қазыбекке қиын соққан шығар, бірақ та амал болмады. Аз уақыт ішінде қалмақ еліне аттанып, қалмақ ханымен жүздесті. Әрине, бұл елшілік қиынға соқты. Қалмақ басшысы бала жас биге сөз бермеді. Бұл жағдайды түсінген Қаз дауысты Қазыбек


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

сөз бастап, батылдық танытып, жасағайды кері бұрып жіберді. Ендігі кезекте қалмақ ханы тығырыққа тіреледі. Мәселе шешілді. Ендігі алдағы уақытта жорықтарды бастамайтынына көзі жеткен Қазыбек қазақ халқының бар мүлігін /малдарын/ елге қайтарып алып келді. Алайда уәде ұзаққа созылмады. Қалмақ жаушылары қазақ жеріне қайтадан басып кірді. Буны естіген Қазыбек қалмақ еліне қайтадан аттанады. Бұл жолы шапқыншылықтың себебін естіген жас би ойланып қалады. Негізінде бәрі былай болыпты: Қазыбектің даналығына тәнті болған қалмақ ханы онымен қайтадан жүздескісі келеді. Ал халықтың берекеті кетсе, Қазыбек оралатынын білген. Хан Қазыбектен қызын беруін не қыз алуын сұрайды. Себебі осындай данышпан адамның ұрпағынан данышпан тумаса немене! Көп толғанған Қазыбек халықтың қамы үшін қыз алады. Мүмкін кей адамға бұл қателік сияқты көрінуі мүмкін, бірақ та халқы үшін қызмет ету бидің міндеті емес пе. Әйтсе де, Қаз дауысты Қазыбек шапқыншылықтарды тоқтатып халықтың алдындағы міндетін атқара білді. Бұл нағыз батылдық!

Би-шешен даналықтарының тәрбиелік мәнін бәрі бірдей түсіне бермес, бірақ та оларды оқып тереңірек қазақ сөздерінің қандай шұрқазына екенін біле аламыз. Шешендік өнер әрқашанда алтын қазына болып қалмақ. Шешендік өнерге өз үлестерін қосып, арттарынан даналық сөздерін қалдырған билерімізді ұмытсақ болмас. Қазақ бабаларымыз қастерлеп, аялап осы күнге дейін жеткізген мұрастарын жетік білмесек те, оларды еске алып жүрейік!

(— Қазыбек бидің туғанына 355 жыл)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ